

№10 ШУ КОЛЛЕДЖІ
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

«28» желтоқсан 2023ж

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Н.Каденов «Табыс -Шу» ш/қ басшысы, Шу АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ полиция лейтенанты Ж.Бижекев, Р.Тастанов «Рашид» ш/қ басшысы, Е.Қондыбаев жеке кәсіпкер, Г.Мазабекова «Көзайым» сұлулық салонының басшысы, Р.Алимкулова жеке кәсіпкер, Л.Касабаева «Арман» мейрамханасының басшысы, директоры Токжан Мусаева, ата-аналар кеңесінің мүшелері Г.Толеулиева, С.Саврукова, колледждің әкімшілік мүшелері қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымын (төрағасын) сайлап, кеңес мүшелерімен таныстыру;
2. Колледждің материалдық-техникалық базасымен таныстыру (видеоролик)
3. Колледж директорының қамқоршылық кеңес алдында есебі /баяндамашы: директордың оқу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Бірімбай//
4. Колледж инспекторының қамқоршылық кеңес алдында есебі /баяндамашы: Ж.Бижекев/
5. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың мүдделерін қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсыну.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселелермен, қамқоршылық кеңес төрағасы Н.Каденов таныстырып, 26 қазан Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамын бекіту туралы №573-Ө бұйрығын оқып, кеңес мүшелерін таныстырды. Сонымен қатар кеңес мүшелерінің міндеттерін, алдағы жоспарланған жоспарымен бөлісті.

Сөз: Колледж директоры Т.Мусаева колледждің материалдық-техникалық базасымен таныстырып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Тыңдалды: Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Бірімбай қамқоршылық кеңес алдында 2023-2024 оқу жылында атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталды.

Сөз: Колледж инспекторы Ж.Бижекев қамқоршылық кеңес алдында Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша есебін берді.

Тыңдалды: колледж директоры Т.Мусаева әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың, сабаққа себепсіз келмей жүрген студенттердің мәселелерін отырыс барысында кеңінен талқылап, қамқоршылық кеңес мүшелеріне, АПБ ұсынып, алдағы уақытта құқықбұзушылыққа бейім, бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізуге шақырды. Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері бірауыздан бірлесіп жұмыс жасайтындықтарын айтты.


Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандардың және сөз алғандарды тындап,

ШЕШІМ ЕТТІ:

- 1.Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бойынша жаңа құрамның міндеттері бөлініп, жұмыстары тұрақты жасалсын.
- 2.Колледждегі оқу шеберханалары мен зертханалардағы құрал-жабдықтар оқу тәжірибеде қолданылуын бақылау Д.Омароваға жүктелсін.
- 3.Директордың оқу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Бірімбай қамқоршылық кеңес алдындағы есебі тыңдалып,жұмыстары одан әрі жандандырылсын.
- 4.Колледж инспекторының іске асыруда қабылданған іс-шараларға сәйкес орындалсын.
- 5.Әлеуметтік жағдайы төмен,сабақтан себепсіз қалатын студенттермен және олардың заңды өкілдерімен профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

Н.Каденов

С.Бірімбай